

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 17 желтоқсан 1993 ж. N 1460. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Біртұтас мемлекеттік жастар саясаты туралы қолданылып жүрген заңдарды орындау, жастардың жан-жақты дамуы мен әлеуметтік жетілуі үшін жағдайлар туғызу, республика мүддесі жолында оның ғылыми және шығармашылық әлеуетін іске асыру, халықаралық және ішкі туризм саласында біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, дене мәдениеті мен спорт саласын дамыту, бұл салалардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ ССР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы" 1991 жылғы 31 тамыздағы N 415 және "Қазақ ССР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігін құру туралы" 1991 жылғы 31 тамыздағы N 417 Жарлықтарымен құрылған Қазақстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі таратылып, Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм жөніндегі "Иассауи" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізісін.

3. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі бұрын Қазақстан Республикасының Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігінің және Қазақстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетінің, сондай-ақ олардың кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының иелігінде болып келген меншігінің құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне:

жастар саясаты, туризм, дене мәдениеті және спорт саласында республика министрліктері мен ведомстволарының, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің қызметін үйлестіру, сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен бірлесіп іс-қимыл жасау;

жастар саясатын жүзеге асыруға, туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар әзірлеп, жүзеге асыру;

"Қазақ ССР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақ ССР Заңын, "Туризм туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру, жастар саясаты, туризм, дене мәдениеті және спорт проблемалары бойынша Қазақстан Республикасының Заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті: осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын; бұрын қабылданған нормативтік актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*